

Май аудандық Қоғамдық кеңестің отырысының ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Көктөбе ауылы

2025 жылғы 03 ақпан

Қоғамдық кеңес төрағасы: Жанарбек Теміржанов

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар!

Май аудандық Қоғамдық кеңеске Қоғамдық кеңес мүшелері және аудандық «Шамшырақ» газетінің өкілі, сонымен қатар тиісті бөлім басшылары мен мамандары қатысып отыр. Қоғамдық кеңес өз жұмысын бастауға құқылы.

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Қоғамдық кеңес отырысын ашу жөнінде қандай ұсыныстарыңыз бар? Ашылсын деген ұсыныс түсті. Онда Қоғамдық кеңес отырысы ашылсын дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын. Түсірулеріңізді өтінемін. Қарсы, қалыс жоқ. Рахмет. Қоғамдық кеңес отырысын ашық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Қоғамдық кеңестің күн тәртібіне келесі мәселелер ұсынылып отыр:

1. Ауыз судың сапасы және су қысымы, суаға белгіленген тариф туралы

Баяндамашы: «Май- Сервис» МКК басшысы Ержан Боращұлы Қожабеков

2. Май ауданында қызмет ететін әр-түрлі саладағы жұмысшыларға сауықтыру жәрдемақы, жұмысшыларға ауыл тұрғыны болғандықтан 25% үстемақы төлеу туралы

Баяндамашы: Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің инспекторы Мұратбек Тасыбайұлы Байсалов

3. Аудан бойынша салаутты өмір салтын қалыптастыруда және бұқаралық спортты дамытуда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспар туралы

Баяндамашылар: Аудандық мәдениет, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Жанар Советқызы Қомашева

Балалар және жас өспірімдер спорт мектебінің директоры Сағдат Бақытұлы Отаров

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған күн тәртібіндегі қаралатын сұрақ бойынша алып-қосарларыңыз бар ма? алып - қосарларыңыз болмаса, күн тәртібі бекітілсін дегендеріңіз қолдарыңызды көтеріп дауыс берулеріңізді сұраймын. Түсірулеріңізді өтінемін. Қарсы, қалыс қалған. Жок. Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібі бекітілді.

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Енді күн тәртібіндегі мәселені қарауға көшейік.

Бірінші сұрақ бойынша:

Ауыз судың сапасы және су қысымы, суаға белгіленген тариф туралы
Сөз баяндамашы «Май- Сервис» МКК басшысы Ержан Борашұлы Қожабековке беріледі

Е. Б. Қожабеков (баяндамасы хаттамаға қоса беріліп отыр

Қоғамдық кеңес төрағасы: Баяндама аяқталды, баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

Сұрақ: Ермек Бағдатұлы Смаканов Неге су қысымы әр-жерде әртүрлі?

Жауап: Ержан Борашұлы Қожабеков Ауданда қызым реттегіші жок

Сұрақ: Жанарбек Теміржанов неге суға фильтр орналастырылмаған?

Жауап: Ержан Борашұлы Қожабеков фильтр орналастырумен Нұра су құбыры мекемесі айналасу керек

Сұрақ: Ермек Бағдатұлы Смаканов Қазіргі белгіленіп отырған осы тариф мерзімі қашанға дейін және ол барлық заңды тұлға мен жеке тұлға үшін бірдей бағада ма?

Жауап: Ержан Борашұлы Қожабеков қазіргі белгіленіп отырған тариф ағымдағы жылдың желтоқсан айына дейін ғана. Заңды және жеке тұлға үшін судың тарифы бірдей емес

Сұрақ: Жанарбек Теміржанов ёмкость тазалау бойынша жұмыстар жүргізіледі ма?

Жауап: Ержан Борашұлы Қожабеков Ол жұмыс көптен бері жүргізілген жоқ, бұл аудандандық экономиканың нақты секторы бөліміне қатысты сұрақ

Сұрақ: Ермек Бағдатұлы Смаканов барлық ауылдардағы генератор мәселесін шешу керек

Жауап: Ержан Борашұлы Қожабеков Қазіргі таңда тек ғана екі ауылда генератор бар олар Акшиман және Баскөл аулында

Сұрақ: Сыздықов Серік Қасқырбайұлы орталықтандырылған жылу жүйесі нашар, Спорт мектебінде зал өте суық

Жауап: Ержан Бораһұлы Қожабеков көмірге ақша бөлінбейді, өзіміз алып жеткізіп береміз

Сұрақ: Дамир Жанатұлы Жаманкүлов сізге бір ескертпе айтайын баяндамаңызды неге қазақ тілінде жазбайсыз өзі тым аз екен

Жауап: Ержан Бораһұлы Қожабеков болашақта ескеретін боламын


Қоғамдық кеңес төрағасы: Енді осы баяндалған есеп бойынша шешім қабылдауымыз керек, келесідей шешім жобасы ұсынылып отыр:

ШЕШІМ ЖОБАСЫ

Қазақстан Республикасы Қоғамдық кеңестер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 01 қаңтардағы 13-бап. Май аудандық қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

1. «Май- Сервис» МКК басшысы Ержан Бораһұлы Қожабековтің Ауыз судың сапасы және су қысымы, суаға белгіленген тариф туралы есебі назарға алынсын.

Қоғамдық кеңестің төрағасы



Ж. Теміржанов

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Екінші сұрақ бойынша: «Май ауданында қызмет ететін әр-түрлі саладағы жұмысшыларға сауықтыру жәрдемақы, жұмысшыларға ауыл тұрғыны болғандықтан 25% үстемақы төлеу» туралы.

Сөз баяндамашы Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің инспекторы Мұратбек Тасыбайұлы Байсаловқа беріледі

М.Т. Байсалов: (баяндамасы хаттамаға қоса беріліп отыр)

Қоғамдық кеңес төрағасы:

Баяндама аяқталды, баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?

Сұрақ: Самканов Ермек Бағдатұлы мекемелер неге штаттан тыс қылып техникалық персоналдарды бөліп тастайды?

Жауап: Байсалов Мұратбек Тасыбайұлы әр мекеме өзі шешеді бөліа тастайды немсе штатта болады

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин техникалық персоналдарға неге сауықтыру жәрдемақысы төленбейді? және де жұмысшыларға 25% ауылдық

жерде тұрғаны үшін төленетін үстемақы да техникалық персоналдарға төленбейді не үшін?

Жауап: Байсалов Мұратбек Тасыбайұлы Себебі техникалық персоналдар азаматтық жұмысшылар қатарына жатпайды сол үшін оларға төленбейді.

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин аз жалақы алатындарға жеңілдетілген төлемдерді коммуналдық төлемдерді төлеу бойынша жергілікті Экономиканың нақты секторы бөлімі арқылы шешуге болады ма?

Сұрақ: Самканов Ермек Бағдатұлы 10 пайыз ауыл кірісінен жабуға мүмкіндік жоқ па?

Жауап: Байсалов Мұратбек Тасыбайұлы Біздің ауданда ондай мүмкіндіктер қарастырылмаған мүлдем

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин Аудан бойынша барлық отжағарларға разряд көтеру керек

Жауап: Байсалов Мұратбек Тасыбайұлы әр мекемеде администраторлар бар олар осыны өздері ескеріп шешуі керек

Отжағарлардың жұмыс уақыты табель бойынша дұрыс көрсетілмеген 16 сағат емес 24 сағат болуы тиіс себебі отжағар жерін қараусыз қалдыруға болмайды, соның да себебінен жалақысы аз болып қалады.

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин еден жуушыларға ремонт неге істетеді, оларға сауықтыру жәрдемақы төленбейді де, арнайы жұмысшы жалдауға болмайды ма?

Жауап: Байсалов Мұратбек Тасыбайұлы арнайы жұмысшылар жалдау керек еден жуушылар жөндеу жұмыстарын істеуге міндетті емес

Сұрақ: Влитов Мұхаметқайыр Құрманалинұлы еден жуушылардың функционалдық міндеттері бар ма?, жөндеу жұмыстарын жүргізу барсында қауіпсіздік шараларын білмегендіктен мертігіп қалуы да мүмкін оған кім жауап береді

Жауап: Байсалов Мұратбек Тасыбайұлы жөндеу жұмыстарын арнайы құрлысышы жұмысшылар атқаруы керек


Қоғамдық кеңес төрағасы: Енді осы баяндалған есеп бойынша шешім қабылдауымыз керек, келесідей шешім жобасы ұсынылып отыр:

ШЕШІМ ЖОБАСЫ

Қазақстан Республикасы Қоғамдық кеңестер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 01 қаңтардағы 13-бап. Май аудандық қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

2. Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің инспекторы Мұратбек Тасыбайұлы Байсаловтың Май ауданында қызмет ететін әр-түрлі саладағы жұмысшыларға сауықтыру жәрдемақы, жұмысшыларға ауыл тұрғыны болғандықтан 25% үстемақы төлеу туралы баяндамасы назарға алынсын

Қоғамдық кеңестің төрағасы



Ж. Теміржанов

Қоғамдық кеңес төрағасы:

3 **Үшінші сұрақ бойынша** Аудан бойынша салаутты өмір салтын қалыптастыруда және бұқаралық спортты дамытуда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспар туралы

Сөз баяндамашы аудандық мәдениет, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қомашева Жанар Советқызына беріледі

Сөз қосымша баяндамашы балалар және жас өспірімдер спорт мектебінің директоры Сағдат Бақытұлы Отаровқа беріледі

Ж. С. Қомашева: (баяндама хаттамаға қоса беріліп отыр)

С. Б. Отаров: (баяндама хаттамаға қоса беріліп отыр)

Қоғамдық кеңес төрағасы: баяндама аяқталды баяндамашыларға сұрақтарыңыз бар ма?

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин неге біздің аудан спорт бойынша 11 орында?

Жауап: Жанар Советқызы Қомашева себебі олар физикалық тұрғыда ешқандай ауылдарда дайындықтар өткізбейді, оған қаржы да бөлінбейді. Спортшыларға жарысқа бару үшін іс-сапар ақысы төленеді тамақтану жатар орны барлығы төленеді

Сұрақ: Самканов Ермек Бағдатұлы спорт әдіскерлері және инструкторлар ауылдарда жұмыс істейді ма?

Жауап: Жанар Советқызы Қомашева Барлық ауылдарда бар тек ғана Малайсары мен Май ауылында бос орын бар вакация

Сұрақ: Самканов Ермек Бағдатұлы бұқаралық спортты жаппай дамыту үшін қандай жоспарлағыңыз бар?

Жауап: Жанар Советқызы Қомашева Сіздерден қандай ұсыныстар болады бірлесіп жұмыс атқарсақ деген ойым бар

Сұрақ: Самканов Ермек Бағдатұлы Этно стилінде пионер лагерлер ұйымдастырылса қазақтың салт-дәстүрлерін насихаттау мақсатында ер балаларға қой сойып, атқа мініп үйретсе деген ұсынысым бар

Жауап: Жанар Советқызы Қомашева әрине құптарлық жағдай ескеріп ұйымдастыруға тырысамыз

Сұрақ: Самканов Ермек Бағдатұлы Ішкі туризмді қалай дамытуға болады жағалауда аквопарк ұйымдастырса балалар баратын еді және тағы да қабан аулауға рұқсат берілсе, қазір олар ауыл ішіне де кіріп кетеді.

Жауап: Жанар Советқызы Қомашева Ертіс жағалауынан қыстық спорт түрі лыжимен сырғанау үшін жолдар төселіп қойылса деген ұсынысым бар балаларға да ойнауға

Сұрақ: Көшербай Қуанышұлы Мұстафин Жеңіс күнін неге дұрыстап атап өтпейді?

Жауап: Жанар Советқызы Қомашева Биыл Жеңіс күніне 80 жыл толуына орай ауқымды шаралар ұйымдастырылып аталып өтеді.

Қоғамдық кеңес төрағасы: Енді осы баяндалған есеп бойынша шешім қабылдауымыз керек, келесідей шешім жобасы ұсынылып отыр:

ШЕШІМ ЖОБАСЫ

Қазақстан Республикасы Қоғамдық кеңестер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 01 қаңтардағы 13-бап. Май аудандық қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

Аудандық мәдениет, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Жанар Советқызы Қомашеваның

Балалар және жас өспірімдер спорт мектебінің директоры Сағдат Бақытұлы Отаровтың

Аудан бойынша салаутты өмір салтын қалыптастыруда және бұқаралық спортты дамытуда атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспар туралы баяндамасы назарға алынсын


Қоғамдық кеңестің төрағасы

Ж. Теміржанов

Қоғамдық кеңес төрағасы: Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері мен қатысушылар! Май аудандық Қоғамдық кеңестің күн тәртібіне қойылған мәселелер толығымен қаралды. Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері кеңесте қаралған мәселелер мен қабылданған шешімдер туралы жергілікті жерде халықты хабардандыруды сұраймын.

Осымен Қоғамдық кеңес жабық деп жариялаймын. Қатысқандарыңызға рахмет.

Қоғамдық кеңес төрағасы:



Ж. Теміржанов